



Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісімді (Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заны 2002 жылғы 31 қаңтар N 289-II Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 3, 24-құжат "Егемен Қазақстан" 2002 жылғы 6 ақпан N 27

Астанада 2001 жылғы 4 маусымда жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісім (Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Заем нөмірі 1774-KAZ

Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі
арасындағы Заем туралы келісім
(Қарапайым операциялар)
(Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы)
(Қазақстандық құрауыш)
2001 жылғы 4 маусым

Заем туралы Келісім
(Қарапайым Операциялар)

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі "Заемшы" деп аталады) мен Азия Даму Банкі (бұдан әрі "Банк" деп аталады) арасындағы 2001 жылғы 4 маусымдағы Заем туралы келісім.

Мыналарды:
(А) Заемшы сипатталуы осы Заем туралы Келісімге 1-Қосымшада келтірілетін Жобаның Қазақстандық Құрауышының мақсаттары үшін заем туралы Банкке өтініш

жасағанын;

(B) Қырғыз Республикасы сипатталуы осы Қырғыз Республикасы мен Банк арасындағы Заем туралы Келісім (бұдан әрі Қырғыз Республикасының Заем туралы Келісімі деп аталады) сияқты дәл сол қүнгі Заем туралы Келісімде көлтірілетін Жобаның Қырғыз Құрауышының мақсаттары үшін заем туралы Банкке өтініш жасағанын;

(C) Заемшы Жобаның мақсаттары үшін Еуропа - Кавказ - Азия (ТРАКЕКА) Қөлік Дәлізі үйымының грант беруі туралы өтініш жасағанын;

(D) Заемшы Жобаның мақсаттары үшін сол сияқты жиырма бес миллион АҚШ доллары (25,000,000 АҚШ доллары) сомасына заем туралы Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкіне (бұдан әрі "ЕҚДБ" деп аталады) өтініш жасағанын;

(E) Банк сол сияқты Банктің қарапайым күрделі қаражатынан төменде

айтылатын шарттар мен ережелер негізінде Заемшыға заем беруге келіскеңін назарға ала отырып;

(F) Банк Қырғыз Республикасының Заем туралы Келісімінде айтылатын шарттар мен ережелер негізінде Қырғыз Республикасына заем беруге келісті.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы Келісімдегі тараптар мына төмендегілер туралы келіседі:

I бап

Заемдарды Беру Ережесі; Анықтамалар

1.01-Бөлім

Банктің 1986 жылғы 1 шілдедегі Қарапайым Операциялар кезінде Заемдар Беруге жататын Ережесінің барлық шарттары бұлар онда толық айтылған кездегі дәл сондай күшпен және әрекетпен, алайда, олардың мынадай өзгерістерін (бұдан әрі Заемдарды Беру Ережесі деп аталатын, Қарапайым Операциялар кезінде Заемдер беруге жататын, Банктің аталған Ережесі) ескере отырып, осымен осы Заем туралы Келісімге қолданылатын болады:

(a) 2.01 (17)-Бөлім алынып тасталып, мынадай ережемен ауыстырылды:

17. "Доллар" немесе "доллар немесе долларлар" термині немесе "\$" белгісі Америка Құрама Штаттарының валютасындағы долларды немесе долларларды білдіреді.

(b) 2.01 (26) және (27) Бөлімдері алып тасталды және мынаны білдіретін жаңа 2.01 (26) Бөлім енгізілді:

26. "Долларлық Пул" термині олар бойынша төлемге ұсынылмаған сомасы бар, Банк қарапайым күрделі қаражаттан беретін заемдарды АҚШ долларымен төлеуді

қаржыландыру мақсаттары үшін Банк құратын, АҚШ долларымен қарыз алу пулын білдіреді.

(c) 3.02-Бөлімнің бірінші тармағының соңғы сөйлемі алып тасталды.

(d) 3.02 (b) (ii) Бөлімі алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

(ii) "Шартты Қарыз алулар" Заемға қатысты олар бойынша төлемге ұсынылмаған Долларлық Пулдағы сомасы бар, олардың қаражатын іріктеу 1992 жылғы 30 маусымнан кейін жүргізілетін Банктің қарыз алуын білдіреді.

(e) 3.06 (a) Бөлімнің соңғы сөйлемі алып тасталды, 3.06 (b)

Бөліміндегі "Банкке қолайлыш күнгі" деген сөздер де алып тасталды.

(f) 3.07-Бөлім 3.08-Бөлім болып қайта нөмірленді және мынаны білдіретін жаңа 3.07-Бөлім енгізілді:

Бір жолғы Комиссия Бір жолғы комиссия Заем туралы Келісімде
көрсетілетін ставка бойынша және шарттар
негізінде Заем бойынша төлеуге жатады.

(g) Қайта нөмірленген 3.08-Бөлім алынып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Төлемнің Орны Заемның негізгі сомасын (егер бола қалса,
ұстемеақыны қоса алғанда) және ол бойынша
проценттерді төлеу және Заем бойынша басқа да
төлемдерді (бір жолғы комиссияны қоса алғанда)
жүзеге асыру Банк олар туралы негізді
түрде сұрататын жерлерде төленеді.

(h) 4.02-Бөлім алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Заем Қаражатын Заем Шотынан Қаражат Алу АҚШ долларымен
Алу Валютасы жүргізіледі.

(i) 4.03 (a) Бөлімі алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

(a) Заемның негізгі сомасы АҚШ долларымен өтеуге жатады.

(j) 4.04-Бөлім алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Проценттерді Төлеу Заемның кез келген бөлігі бойынша проценттер
Валютасы АҚШ долларымен төлеуге жатады.

(K) 4.05-Бөлім алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Басқа Төлемдерді 3.03-Бөлімде айтылатын кредитті беруге

Жүзеге асыру Валютасы деген міндеттеме үшін алым және 3.07-Бөлімде
айтылатын бір жолғы комиссия Заем
көрсетілген валютада төлеуге жатады.

(i) 4.09-Бөлім алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Осы Ереженің кез келген шарттарына қарамастан, кері мағынасында Заем туралы сөз болып отырған жағдайда Заем Шотынан қаражат алу Банк қолайлыш деп санауды мүмкін осындай валютада немесе валюталарда шоттан осылай қаражат алу мақсаттары үшін АҚШ долларымен төлемдер жүргізу мүмкіндігі жоқ екендігін Банк анықтаған ерекше жағдайларда жүргізіледі. Заемның сөз болып отырған негізгі сомасының бір бөлігі өтеуге жатады және осындай негізгі сома бойынша проценттер осындай валютада немесе валюталарда төлеуге жатады. Төленуі осындай валютада немесе валюталарда жүргізілетін Заемның негізгі сомасына қолданылатын проценттік ставка Банктің осындай валютадағы немесе валюталардағы шығыстары қосу спредке негізделеді - шығыстарды да,

спредті де осы уақытта Банк негізді түрде анықтайды.

(m) Қайта нөмірленген 5.02-Бөлім алып тасталды және 5.03, 5.04, 5.05, 5.06 және 5.07-Бөлімдер тиісінше 5.02, 5.03, 5.04, 5.05, 5.06-Бөлімдер болып қайта нөмірленді.

(n) Қайта нөмірленген 5.02-Бөлім алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Заем Шотынан Қаражат Алуға Заемшы Заем Шотынан қандай да болмасын арналған Өтінім соманы алғысы келген жағдайда,

Заемшы Банк негізді түрде сұрататын
нысандағы және өтінімдер мен
тұжырымдамаларды қамтитын өтінімді
Банкке ұсынады. Банк пен Заемшы арасында
өзгеше келісілген жағдайлардан басқа,
осы Бапта төменде айтылатын қажетті
құжаттамамен бірге шоттан қаражат
алуға арналған өтінімдер Жобаға
арналған шығыстарға байланысты дереу
ұсынылады.

(o) 5.02-Бөлім алып тасталды және мынадай ережемен ауыстырылды:

Банктің күшін жоюы

Егер

- (i) Заемшының Заем Шотынан қаражат алуды жүргізу құқығы Заемның қандай да болмасын сомасына қатысты ұзақтығы отыз (30) күн кезеңге тоқтатыла тұрса; немесе
 - (ii) Банк Заемшымен консультациядан кейін қандай да болмасын уақытта Заемның мақсаттары үшін Заемның қандай да болмасын сомасы қажет болмайтынын анықтаған болса; немесе
 - (iii) Банк қандай да болмасын уақытта Заем қаражатынан қаржыландырылатын қандай да болмасын келісім-шартқа қатысты Заемшы өкілдерінің немесе Заемшының тарапынан консультанттарды сатып алу/іріктеу кезінде сыйбайлас жемқорлық тәсілдері немесе алаяқтық іс-тәжірибе орын алғанын немесе ахуалды түзету жөнінде Заемшының Банк үшін қолайлы уақытылы және тиісті шаралар қолданбай осындай келісім-шартты орындағанын анықтаған болса; немесе
 - (iv) Банк қандай да болмасын уақытта Заем қаражатынан қаржыландырылатын қандай да болмасын келісім-шартқа байланысты сатып алу ол туралы Заем туралы Келісімде баяндалатын немесе айтылатын рәсімдерге сәйкес келмейтінін анықтаған болса; немесе
 - (v) Заем туралы келісімде шоттан қаражат алудың соңғы мерзімі ретінде көрсетілетін күні Заем сомасы Заем Шотынан алынбаған күйінде қалса, Банк егер осындай бола қалса, Заемшыны және Кепілгерді хабардар ете отырып, Заемшының осындай сомаға немесе келісім-шартқа қатысты шоттан қаражат алуды жүргізу құқығын тоқтата алады.
- Осындай хабарламадан кейін ол туралы сөз

болып отырған Заем сомасы немесе оның
қандай да бір бөлігі күшін жояды.

(р) 8.04-Бөлім алып тасталды және 8.05, 8.06 және 8.07-Бөлімдер тиісінше 8.04, 8.05 және 8.06-Бөлімдер болып қайта нөмірленді.

1.02-Бөлім

Егер мәтіннің толық мәнінен өзгеше туындамаса, осы Заем туралы Келісімде әрбір пайдалану кезінде Заемдар Беру Ережесінде анықтамасы берілетін терминдердің оларда көрсетілетін тиісті мағыналары болады және мынадай қосымша терминдердің мынадай мағыналары болады:

(а) "Консультациялық Техникалық Көмек" Банк Жобаға байланысты Заемшының Үкіметіне көрсететін, Жол Саласының Тиімділігін арттыру жөніндегі техникалық көмекті білдіреді;

(б) "Траншекаралық Өту туралы Келісім" ортақ шекара арқылы адамдардың, тауарлар мен көлік құралдарының өтуін реттеу және жеңілдету мақсатында 1999 жылғы 15 қарашадағы Заемшының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Келісімді білдіреді;

(с) "Қазақстандық Құрауыш" осы Заем туралы Келісімге 1-Қосымшада айтылатын Заем қаражатынан қаржыландырылатын Жобаның құрауышын білдіреді;

(д) "Қырғыз Құрауышы" осы Келісімнің Декларациялық Бөлігінің (В)

бөлігінде айтылатын Қырғыз Республикасының Заем қаражатынан қаржыландырылатын Жобаның құрауышын білдіреді;

(е) "ККМ" Заемшының Көлік және Коммуникациялар Министрлігін білдіреді және оның кез келген құқықтық мирасқорын қамтиды;

(f) "ЖОТ" Жоба үшін ККМ-нің құрған Жобаны Орындау жөніндегі Топты білдіреді;

(g) "ЖБК" Банк ұсынған N 1455-KAZ Заемның қаражатынан қаржыландырылатын Жолды Қайта Жаңарту туралы Жобаға сәйкес құрылған Жобаны Басқару жөніндегі Комитетті білдіреді;

(h) "Жобаны Ұйымдастырушы-Орындаушы" Заемдар Беру Ережесін мақсаттары үшін және оның мағынасында Жобаның орындалуына жауапты ККМ-ды білдіреді; және

(i) "Жол" Жобаға сәйкес қайта жаңартылатын Алматы - Бішкек жолын

білдіреді.

II бап

Заем

2.01-Бөлім

Банк Заемшыға Банктің қарапайым күрделі қаражатынан елу екі миллион АҚШ долларын (52,000,000 АҚШ доллары) құрайтын соманы беруге келісім береді.

2.02-Бөлім

Заемшы Банкке Заемдар Беру Ережесінің 3.02-Бөліміне сәйкес анықталатын проценттерді төлейді.

2.03-Бөлім

(а) Заемшы нөл бүтін жүзден жетпіс бес процентті (0,75%) құрайтын ставка бойынша кредит беру міндеттемесі үшін алым төлейді. Мұндай алым осы Заем туралы Келісім күнінен кейін алпыс (60) күннен кейін басталатын бірінен кейін бірі өтетін уақыт кезеңінде Заемның сомасы бойынша (шоттан мерзімді алынатын соманы шегере отырып) былайша:

ұзактығы он екі ай бірінші кезенде 7,800,000 АҚШ доллары бойынша;

ұзактығы он екі ай екінші кезенде 23,400,000 АҚШ доллары бойынша;

ұзактығы он екі ай үшінші кезенде 44,200,000 АҚШ доллары бойынша; және

одан әрі Заемның толық сомасы бойынша есептеледі.

(б) Егер Заемның қандай да болмасын сомасының күші жойылған болса, осы Бөлімнің (а) тармағында көрсетілетін Заемның әрбір бөлігінің сомасы күшін жою Заемның толық сомасына осындай күшін жоюға дейін қандай мөлшерлес шамада болса, дәл сондай мөлшерлес шамада кемітіледі.

2.04-Бөлім

Заемшы Банкке Заем сомасының бір процентіне (1%) тең сомада бір жолғы комиссия төлейді.

2.05-Бөлім

Заем бойынша проценттер және ол бойынша басқа да төлемдер әрбір жылдың 15 сәуірінде және 15 қазанында жарты жылда бір рет төленуге және жүзеге асырылуға жатады.

2.06-Бөлім

Заемшы осы Заем туралы Келісімге 2-Қосымшада көрсетілетін борышты

бірте-бірте өтеге кестесіне сәйкес Заем шотынан алынатын Заемның негізгі сомасын өтейді.

III бап

Заем Қаражатын Пайдалану

3.01-Бөлім

Заёмшы осы Заём туралы Келісімнің ережелеріне сәйкес Жоба бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін Заём қаражатының пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

3.02-Бөлім

Заём қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтер және басқа да шығыс баптары және осындай тауарлар мен қызметтердің және басқа да шығыс баптарының әр түрлі санаттары бойынша Заём сомасын бөлу осы Заём туралы Келісімге 3-Қосымшаның ережелеріне сәйкес болады және Заёмшы мен Банк арасындағы келісім бойынша 3-Қосымшаға белгілі бір уақытта түзетулер енгізілуі мүмкін.

3.03-Бөлім

Банк өзгеше шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа, Заём қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлар мен қызметтерді сатып алу осы Заём туралы Келісімге 4-Қосымша мен 5-Қосымшаның ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Банк тауарлар немесе қызметтер мәні бойынша Заёмшы мен Банк арасында келісілген рәсімдерге сәйкес келетін рәсімдерге сай сатып

алынбаған жағдайларда немесе келісім-шарттың шарттары мен ережелері Банк үшін қолайлыш болып табылмайтын жағдайларда келісім-шартты қаржыландырудан бас тартуы мүмкін.

3.04-Бөлім

Банк өзгеше шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа, Заёмшы Заём қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлар мен қызметтердің тек қана Жобаны орындауға пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

3.05-Бөлім

Заёмдар Беру Ережесінің 8.03-Бөлімінің мақсаттары үшін Заём Шотынан қаражат алудың соңғы күні 2005 жылдың 30 маусымы немесе Заёмшы мен Банк арасында белгілі бір уақытта келісілуі мүмкін осындай өзге күн болып

табылады.

IV БАП
Ерекше Шарттар
4.01-Бөлім

(а) Заемшы Жобаның ұтымды әкімшілік, қаржылық, техникалық, табиғат қорғау және жол құрылышында қабылданған іс-тәжірибеге сәйкес тиісінше және табысты орындалуын қамтамасыз етеді.

(б) Жобаны орындау және Жобаға енгізілген объектілерді пайдалану кезінде Заемшы осы Заем туралы Келісімге 6-Қосымшада айтылатын барлық міндеттемелерді орындайды немесе орындалуын қамтамасыз етеді.

4.02-Бөлім

Заемшы қажетіне қарай Жобаны орындау үшін және Жобаға енгізілген объектілерді пайдалану және техникалық ұстau үшін Заem қаражатына қосымша ретінде талап етілетін барлық құралдарды, оның ішінде техникалық, қызметтерді, жер учаскелерін және басқа ресурстарды береді.

4.03-Бөлім

(а) Заемшы Жобаны орындау кезінде Заемшы мен Банк үшін қолайлы көлемде және шарттар мен ережелер негізінде Заемшы мен Банк үшін қолайлы құзыретті және білікті консультанттарды жалдауды қамтамасыз етеді.

(б) Заемшы Жобаның Заемшы мен Банк үшін қолайлы жоспарларға, жобалық-конструкторлық стандарттарға, техникалық шарттарға, жұмыстардың күнтізбелік жоспарларына және құрылыш жұмыстарын жүргізу әдістеріне сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді. Заемшы дайындағаннан кейін осында жоспарларды, жобалық-конструкторлық стандарттарды, техникалық шарттар мен жұмыстың күнтізбелік жоспарларын және Банк егжей-тегжейлі етіп олар туралы негізді түрде сұрататын кейіннен оларға енгізілген кез келген елеулі өзгерістерді дереу Банкке ұсынады немесе ұсынылуын қамтамасыз етеді.

4.04-Бөлім

Заемшы істерді ұтымды басқару принциптеріне және тәртібіне сәйкес Жобаны орындауға және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуына қатысты

ведомстволар мен ұйымдардың қызметін жүргізуі және үйлестіруді қамтамасыз етеді.

4.05-Бөлім

(а) Заемшы ұтымды тәжірибеге сай осындай көлемде және осындай тәуекелден және осындай сомада Жобаға енгізілген объектілерді сақтандыру бойынша Банк үшін қолайлышараларды қабылдайды.

(б) Заемшы алдыңғы ережелердің әрекетін шектеместен, Жоба үшін әкелінетін және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды сатып алуға, тасымалдауға, оларды пайдалану орнына жеткізуге немесе орнатуға байланысты тәуекелдерден сақтандыруға немесе сақтандырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді және осындай сақтандыруға қатысты кез келген өтеу осындай тауарларды жөндеу немесе айырбастау үшін еркін пайдаланылатын валютада төлеуге жатады.

4.06-Бөлім

(а) Заемшы Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлардың, қызметтердің және басқа да шығыс баптарының жіктемесі, олардың Жобада пайдаланылуы туралы ақпаратты анықтау, Қазақстандық Құрауыштың орындалу барысын ескеру (оған шығындарды қоса алғанда) және Қазақстандық Құрауыштың немесе оның кез келген бөлігінің және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуы үшін жауапты Заемшы ұйымдарының қызметі мен қаржылық ережелері бухгалтерлік есебінің тұрақты сақталатын ұтымды принциптеріне сәйкес көрсету жөніндегі бар талаптарға жауап беретін есептік жазбалар мен шоттарды жүргізеді немесе жүргізуін қамтамасыз етеді.

(б) Заемшы:

- (i) Жоба бойынша жеке шоттар жүргізеді немесе жүргізуін қамтамасыз етеді;
- (ii) біліктілігі мен құзыретінің шегі Банк үшін қолайлыш тәуелсіз аудиторлардың аудит жүргізуінің бар және тұрақты қолданылатын стандарттарына сәйкес осындай шоттардың және оларға байланысты қаржылық есептердің жыл сайынғы аудитін жүргізуі қамтамасыз етеді;
- (iii) Банкке дайындық шамасына қарай, бірақ ол туралы сөз болып отырған әрбір қаржы жылды аяқталғаннан кейін тоғыз (9) айдан кешіктірмей, аудиті жүргізілген осындай шоттардың және қаржылық есептердің расталған көшірмелерін және аудиторлардың оларға жататын есебін (Заем қаражатының пайдаланылуы және оны Заем туралы Келісім ережелерінің сақталуы туралы, сондай-ақ шығындар туралы есепке жататын рәсімдердің пайдаланылуы туралы аудиторлардың қорытындысын қоса алғанда), барлығын - ағылшын тілінде ұсынады; және
- (iv) Банк белгілі бір уақытта негізді түрде сұрататын осындай шоттарға және қаржылық есептерге және олардың аудитіне жататын осындай басқа да ақпаратты

Банкке ұсынады.

(с) Банктің сұратуы бойынша Заемшы Банкке Жоба бойынша Заемшының қаржылық есептерін және Жобаға, Заемшының аудиторларына байланысты оның қаржылық істерін дүркін-дүркін талқылауға мүмкіндік береді және Банктің сұратуы бойынша жүргізілетін осындай аудиторлардың кез келген өкілдерінің кез келген осындай талқылауға қатысуына уәкілеттік береді және егер Заемшы өзгеше шешім қабылдамаса, кез келген осындай талқылау тек Заемшының уәкілетті қызметкерінің қатысуымен жүргілген жағдайда, осындай өкілдердің осындай талқылауға қатысуын талап етеді.

4.07-Бөлім

- (а) Заемшы Банк негізді түрде сұрататын және олардың мәні:
 - (i) Заем және оның қаражатын жұмсау және оларға қызмет көрсетуді жүргізу;
 - (ii) Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтер және басқа да шығыс баптары;
 - (iii) Жоба;
 - (iv) Жобаны немесе оның қандай да бір бөлігін орындауға және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуына жауапты Заемшы ұйымдарының істерін, қызметін және қаржылық жағдайын басқару;
 - (v) Заемшының аумағындағы қаржылық және экономикалық жағдай және басқа елдермен есеп айырысуларында Заемшының төлем балансының жай-күйі; және
 - (vi) Заемның мақсаттарына жататын кез келген басқа мәселелер болып табылатын барлық осындай есептер мен ақпаратты Банкке береді және берілуін қамтамасыз етеді.
- (б) Заемшы алдыңғы ережелердің әрекетін шектеместен, Банкке Жобаның орындалуы және Жобаға енгізілген объектілердің пайдаланылуы және оларды басқару туралы тоқсандық есептерді береді немесе берілуін қамтамасыз етеді. Мұндай есептер Банк негізді түрде сұрататын нысанда және егжей-тегжейлікпен және мерзімдерде ұсынылады және оларда, атап айтқанда, қол жеткен нәтижелер және қаралып отырған кезең ішінде тап болған проблемалар, осы проблемаларды шешу жөнінде қабылданған немесе қабылдауға ұсынылатын шаралар және қызметтің ұсынылатын бағдарламасы және келесі тоқсан ішінде күтіліп отырған нәтижелер көрсетіледі.
- (с) Жоба іс жүзінде аяқталғаннан кейін тезарада және қалай болғанда да ол аяқталғаннан кейін үш (3) айдан немесе осы мақсат үшін Заемшы мен Банк арасында келісілуі мүмкін осындай неғұрлым кеш мерзімнен кешіктірмей, Заемшы ол туралы Банк негізді түрде сұрататын нысанда және егжей-тегжейлікпен оған жұмсалған шығындарды қоса алғанда, Жобаның орындалуы және бастапқы іс-әрекеті, Заемшының осы Заем туралы Келісімге

сәйкес өзінің міндеттемелерін орындауы және Заем мақсаттарының орындалуы туралы есеп дайындауды және Банкке ұсынады.

4.08-Бөлім

Заемшы Банктің өкілдеріне Жобаға, Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларға және қаралатын мәселелерге қатысты кез келген есеп жазбалары мен құжаттарға тексеру жүргізуге мүмкіндік береді.

4.09-Бөлім

Заемшы ұтымды әкімшілік, қаржылық, техникалық, табиғат қорғау, жол құрылышында қабылданған іс-тәжірибеге және техникалық құралдарды ұстауға және пайдалануға сәйкес Жобаға енгізілген объектілерді пайдалануды, техникалық ұстауды және жөндеуді қамтамасыз етеді.

4.10-Бөлім

(a) Заемшы мен Банктің екі жақты ниеті, Банктен өзгеше, кредит беруші алдындағы ешқандай да басқа сыртқы борыштың Заемшының мүлкіне қатысты борыштар үшін мүлікті ұстап қалу құқығы түріндегі Заеммен салыстырғанда, басым жағдайының болмайтындығында. Осы мақсатта Заемшы:

- (i) егер - Банк өзгеше шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа
 - қандай да болмасын сыртқы борышты қамтамасыз ету ретінде Заемшының мүлкіне қатысты борыштар үшін қандай да болмасын мүлікті ұстап қалу құқығы қалыптасса, осында құқық фактінің өзіне байланысты тең және мөлшерлес түрде Заемның негізгі сомасы мен ол бойынша проценттерді және Заем бойынша басқа да төлемдерді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге; және
- (ii) Заемшы кез келген осында құқықты қалыптастырған немесе оған жол берген кезде осы мағынада тікелей тұжырымдалған ережені ұсынуға міндеттенеді.

(b) Осы Бөлімнің (a) тармағының ережелері:

- (i) осында мүлікті сатып алу бағасын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ғана, мүлікті сатып алу сәтінде оған қатысты құралатын борыштар үшін қандай да болмасын мүлікті ұстап қалу құқығына; немесе

- (ii) банктік операциялардың әдеттегі барысында туындаудың борыштар үшін қандай да болмасын мүлікті ұстап қалу және төлеу мерзімі туындаған күннен кейінгі кемінде бір жылдан кейін басталатын борышты қамтамасыз ету құқығына қолданылмайды.

(c) Осы Бөлімнің (a) тармағында пайдаланған кезде "Заемшының мүлкі" термині Қазақстанның Ұлттық Банкін және Заемшының орталық банкінің функцияларын орындайтын кез келген басқа мекемені қоса алғанда, кез келген әкімшілік бірліктің немесе Заемшының кез келген мекемесінің мүлкін және кез келген осындай әкімшілік бірліктің кез келген мекемесінің мүлкін қамтиды.

V БАП

Күшіне енуі
5.01-Бөлім

Мына төмендегілер Заемдар Беру Ережесінің 9.01 (f) Бөлімнің мақсаттары үшін осы Заем туралы Келісімнің күшіне енуінің қосымша шарттары ретінде көрсетіледі:

(a) Қырғыз Республикасының Заем туралы Келісімі тиісті негізде жасалды және осы Келісімдегі тарараптарға ресми түрде берілді және осы Заем туралы Келісімнің күшіне жаңа ғана енгенін ескере отырып, оның шарттарына сәйкес күшіне енді; және

(b) Трансшекаралық Өту туралы Келісім күшіне енді.

5.02-Бөлім

Мына төмендегілер Заемдар Беру Ережесінің 9.02 (d) Бөлімнің

мақсаттары үшін Банкке ұсынылатын қорытындыға немесе қорытындыларға енгізілетін қосымша мәселе ретінде көрсетіледі;

Трансшекаралық Өту туралы Келісімді Заемшы тиісті түрде мақұлдады немесе бекітті және жасады және оның атынан ресми түрде берілді, оның шарттары мен ережелеріне сәйкес Заемшы үшін міндетті заң күші бар және Заемшының аумағында күшіне енгізілді.

5.03-Бөлім

Осы Заем туралы Келісім күнінен кейінгі тоқсан (90) күннен кейін басталған күн Заем Беру Ережесінің 9.04-Бөлімнің мақсаттары үшін Заем туралы Келісімін күшіне енуі үшін көрсетіледі.

VI бап

Өзге ережелер
6.01-Бөлім

Заемшының Қаржы министрі Заемдар Беру Ережесінің 11.02-Бөлімнің

мақсаттары үшін Заемшының өкілі ретінде тағайындалады.

6.02-Бөлім

Заемдар Беру Ережесінің 11.01-Бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының Мекен-жайы:

Ministry of Finance

33 Pobeda Street

Astana

Facsimile Number:

(7-3172) 117762

Банктің Мекен-жайы:

Asian Development Bank

P.O. Box 789

0980 Manila

Philippines

Facsimile Numbers:

(632) 636-2444

(632) 636-2428

Астана

Женіс даңғылы 33

Қаржы министрлігі

Факсимилдік Байланыс Номірі:

(7-3172) 117762

Филиппины

0980 Манила

Азия Даму Банкі

Почталық Абонемент Жәшігі 789

Факсимилдік Байланыс Номірі:

(632) 636-2444

(632) 636-2428

Осыны қуәландыра отырып, тиісті негізде уәкілеттік берілген өздерінің өкілдері арқылы әрекет ететін осы Келісімдегі тараптар өздерінің аттарынан осы Келісімге қол қойылуын және жоғарыда бас кезінде көрсетілген күні мен жылды Банктің бас басқармасына оның ресми түрде берілуін қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы үшін

Азия Даму Банкі үшін

Құжаттарға қол

Құжаттарға қол

қоюға уәкілеттік

қоюға уәкілеттік

берілген ресми

берілген ресми

тұлғаның қолы _____

тұлғаның қолы _____

1-қосымша

Жобаны Сипаттау

1. Жобаның мақсаты жол инфрақұрылымын дамыту, шекаралық бақылау жүйесі мен рәсімдерін, траншекаралық өтуге байланысты техникалық қуралдарды жетілдіру, жол қозғалысы қауіпсіздігін үйлестіру мен басқаруды жақсарту және жолды техникалық ұстаудың тиімді жүйесін енгізу арқасында Алматы мен Бішкек қалаларының арасындағы қосалқы аймақтық маңызы бар автомобиль тасымалдары

үшін негізгі көлік желісінің тиімділігі мен сенімділігін арттыру болып табылады.

2. Жоба Қазақстандық және Қырғыз Құрауыштарынан тұрады. Қазақстан Құрауыштарына мыналарды қамтиды:

(i) жобалау - конструкторлық жұмыстар және құрылышты қадағалау жөніндегі консультациялық қызметтерді қоса алғанда, Алматы қаласының маңынан Қырғыз Республикасындағы Ақжол - Шу елді мекенінде маңына дейін шамамен 205 км Жолды қайта жаңарту;

(ii) шекарадан өткен кезде Қазақстан жағында Ақжол - Шу елді мекенінде маңындағы кеденді техникалық жарақтандыруды жақсарту; және

(iii) жолды техникалық ұстауға арналған және зертханалық жабдықтармен қамтамасыз ету.

3. Қазақстандық Құрауышты 2004 жылғы 31 желтоқсанда аяқтау үйгарылып отыр.

2-қосымша

Борышты Біртіндеп Өтеу Кестесі

(Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек Жолын Қайта жаңарту Жобасы)

(Қазақстандық Құрауыш)

Төлемнің Шартты Мерзімі Негізгі Соманы Төлеу
(АҚШ долларымен)*

2005 жылғы 15 сәуір	430,500
2005 жылғы 15 қазан	452,000
2006 жылғы 15 сәуір	474,600
2006 жылғы 15 қазан	498,300
2007 жылғы 15 сәуір	523,200
2007 жылғы 15 қазан	549,400
2008 жылғы 15 сәуір	576,900
2008 жылғы 15 қазан	605,700
2009 жылғы 15 сәуір	636,000
2009 жылғы 15 қазан	667,800
2010 жылғы 15 сәуір	701,200
2010 жылғы 15 қазан	736,200
2011 жылғы 15 сәуір	773,100
2011 жылғы 15 қазан	811,700
2012 жылғы 15 сәуір	852,300
2012 жылғы 15 қазан	894,900

2013 жылғы 15 сәуір	939,600
2013 жылғы 15 қазан	986,600
2014 жылғы 15 сәуір	1,036,000
2014 жылғы 15 қазан	1,087,800
2015 жылғы 15 сәуір	1,142,100
2015 жылғы 15 қазан	1,199,300
2016 жылғы 15 сәуір	1,259,200
2016 жылғы 15 қазан	1,322,200
2017 жылғы 15 сәуір	1,388,300
2017 жылғы 15 қазан	1,457,700
2018 жылғы 15 сәуір	1,530,600
2018 жылғы 15 қазан	1,607,100
2019 жылғы 15 сәуір	1,687,500
2019 жылғы 15 қазан	1,771,800
2020 жылғы 15 сәуір	1,860,400
2020 жылғы 15 қазан	1,953,500
2021 жылғы 15 сәуір	2,051,100
2021 жылғы 15 қазан	2,153,700
2022 жылғы 15 сәуір	2,261,400
2022 жылғы 15 қазан	2,374,400
2023 жылғы 15 сәуір	2,493,200
2023 жылғы 15 қазан	2,617,800
2024 жылғы 15 сәуір	2,748,700
2024 жылғы 15 қазан	2,886,200
Жиыны	52,000,000

Мерзімінен бұрын төлеу кезіндегі үстемеақы

Мынадай проценттегі сандар Заемдар Беру Ережесінің 3.06 (б) Бөліміне сәйкес Заемның негізгі сомасының қандай да болмасын бөлігін төлеу мерзімі басталғанға дейін мерзімінен бұрын өтеу кезінде төлеуге жататын үстемеақы ретінде көрсетіледі.

Мерзімінен бұрын Төлеу

Үстемеақы

Уақыты

Мерзімінен бұрын төлеу күні төлемге ұсынылмаған Заемның қалдығына қолданылатын, мыналарға көбейтілген проценттік ставка (жылына проценттер түрінде көрсетілетін):

Төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде үш жыл бұрын	0,13
З жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 6 жылдан аспауы тиіс	0,25
6 жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 11 жылдан аспауы тиіс	0,46
11 жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 16 жылдан аспауы тиіс	0,67
16 жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 20 жылдан аспауы тиіс	0,83
20 жылдан астам, бірақ төлем мерзімі басталғанға дейін кемінде 22 жылдан аспауы тиіс	0,92
Төлем мерзімі басталғанға дейін 22 жыл бұрын	1,00

3-қосымша

Заем Қаражатын Бөлу және Шоттан Алу
Жалпы Мәліметтер

1. Осы Қосымшаға толықтыру болып табылатын кестеде (бұдан әрі "Кесте" деп аталады Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлардың, қызметтердің және басқа да шығыс баптарының санаттары және осындай әрбір Санат бойынша Заем сомасын бөлу ұсынылады. (Осы Қосымшада "Санатқа" немесе "Санаттарға" сілтеме Кестедегі Санатқа немесе Санаттарға жатады).

Салықтар

2. Қандай да болмасын жергілікті салықтарға қатысты Заем Шотынан ешқандай да қарожат алу жүргізілмейді.

Банктің Қаржыландыру Проценті

3. Банк өзгеше шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа, Кестеде санамаланған Санаттар бойынша шығыс баптары Кестеде көрсетілген проценттердің негізінде Заем қаражатынан қаржыландырылады.

4. Осы Қосымшаның 5-тармағына қарамастан, осы Заем туралы Келісімге 4-қосымшаның тиісті ережелеріне сәйкес халықаралық бәсекелі сауда-саттық жүргізгеннен кейін жергілікті берушімен жасалған кез-келген келісім-шарт мынадай негізде:

(а) жергілікті берушіден сатып алынатын тауарлар жергілікті өндіріс тауарлары болып табылатын жағдайда, берілетін тауарларға қойылатын франко-зауыттың бағасы 100% (кез келген салықтарды қоспағанда); және

(б) жергілікті берушіден сатып алынатын барлық тауарлар импорттың болып табылған жағдайда, келісім-шарт бағасының шетелдік валютадағы құрауышы 100% Заем қаражатынан қаржыландырылады.

Жергілікті Шығыстар

5. (а) Жергілікті шығыстарды қаржыландыру мақсаты үшін 17,500,000 АҚШ долларына баламалы сомаға дейінгі Заем қаражаты шетел валютасында Заем Шотынан алынуы мүмкін.

(б) Осы тармақта өзгеше көзделетін немесе Банк өзге шешім қабылдауы мүмкін жағдайлардан басқа, Жоба бойынша қандай да болмасын жергілікті шығыстарға қатысты Заем Шотынан ешқандай қаражат алу жүргізілмейді.

Бір жолғы комиссия

6. 6-Санатқа жатқызылған сома осы Заем туралы Келісімнің 2.04-Бөлімінде айтылатын бір жолғы комиссияны қаржыландыруға арналады. Банк Күшіне Енген Күні немесе осындай күннен кейін дереу осындай комиссияның сомасын Заем Шотынан алуға және Заемшының атынан өзіне төлеуге құқығы бар.

Қайта бөлу

7. Кестеде көрсетілген Заем қаражатын бөлуге және шоттан қаражат алу процентіне қарамастан және осы Қосымшаның 5-тармағын ескере отырып:

(а) Егер қандай болмасын санатқа жатқызылған сома осы Санаттағы келісілген барлық шығыстарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып табылса, Банк Заемшыны хабардар ете отырып:

(I) басқа Санатқа жатқызылған Заем сомасын бағалауға сәйкес жетіспеушілікті жабу

үшін талап етілетін көлемде, бірақ Банктың пікірінше, басқа шығыстарды жабу үшін қажеті жоқ осындай Санатқа жатқыза отырып, қайта бөлуге, және

(II) егер осындай қайта бөлу кезінде бағалауға сәйкес жетіспеушілікті толық жабу мүмкін болмаса, осындай Санат бойынша Шоттан одан әрі қаражат алу үшін ол бойынша барлық шығыстар жүргізілмейінше, осындай шығыстарға қолданылатын шоттан қаражат алу процентін төмендетуге; және

(б) Егер осы жағдайда қандай да болмасын Санатқа жатқызыла отырып бөлінген Заем сомасы осы Санаттағы барлық келісілген шығыстардан асып түскен болып табылса, Банк Заемшыны хабардар ете отырып, осындай артық соманы кез келген басқа Санатқа жатқыза отырып, қайта бөле алады.

Шығыстар туралы Есеп

8. Шығыстар туралы есеп (ШЕ) рәсімі "Заемды Төлеу туралы Басшылыққа"

